

ҒЫЛЫМ

Адам баласының ортақ қазынасы

Бар ізгілік тек білімнен алынар, Білімменен аспанға жол салынар, - деген екен Жүсіп Баласұғын. Мен, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетімен кәсіби байланысты 2015 жылы бастадым, бас кезде «Радиотехника, электроника және телекоммуникация» мамандығы бойынша Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы болып тағайындалдым, кейін мен басқаратын компания жұмыс беруші ретінде танылды.



Бахыт РАНБАЕВ,
«Связьмонтажстрой» ЖШС
директоры,
Түркістан облысы

Осы күнге дейін 6B06210 – Радиотехника, электроника және телекоммуникация білім беру бағдарламаларын өзірілеуге, стратегиялық жос-

парларды құруға және оқу-әдістемелік әдебиеттерге пікір жазуға атсалысып келемін. 2020-2021 оқу жылы компанияның өндірістік базасында «Автоматтандыру, телекоммуникация және басқару» кафедрасының филиалы ретінде оқу-ғылыми өндірістік кешен ұйымдастырылды. 3-курс студенттерінің екі кәсіби пәндер бойынша практикалық және зертханалық сабақтары компания объектілерінде өткізілді.

Quacquarelli Symonds (QS) британдық агенттігі жариялаған 80 елден 1002 жоғары оқу орындары арасындағы рейтинг бойынша университеттің алғашқы бес жүздіктің қатарына енуі үлкен жетістік деп қалбылдаймын. Университетпен, оның ішінде «Автоматтандыру, телекоммуникация және басқару» кафедрасымен тығыз байланыстамыз. Қуантарлығы,

профессорлық-оқытушылар құрамы тарапынан білім беру саласындағы ақпараттық технологиялар мен цифрлық білім беру ресурстарын дамыта отырып, білім алушылардың бәсекеге қабілетті, ақпараттық сауатты тұлғасын қалыптастыруға және оқытуда жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беруде көп жұмыстар атқарылуда.

Білім берудегі заманауи ақпараттық технологиялар – бұл озық цифрлық технологияларға негізделген қолжетімді білім беру ортасын ұйымдастыру тәсілі екендігі айдан анық. Ұлт болашағы мен қауіпсіздігі білім беру ісімен тікелей байланысты, сондықтан ұрпақтан білім салтанат құратын кемелді келешек күтетін болсақ, білім және ғылым саласындағы өзекті мәселелерді шешуде жаңашылдық пен ізденімпаздық танытуымыз қажет.

ҮЗДІКТІҢ ҮЛГІСІ

Бүгінді болашақпен байланыстырған

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ұжымын Quacquarelli Symonds (QS) халықаралық рейтинг агенттігі жариялаған нәтиже бойынша 482 орынды иеленулерімен шын жүректен құттықтаймын! Білім-ғылым – қоғамды дамытатын негізгі күш, оның бүгінгі мен болашағы, бәсекеге қабілеттігін анықтайтын негізгі фактор.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде жоғары білім беру бай дәстүрі қалыптасқан. Өткен ғасырдың басында Қазақстанда білім саласында мамандар даярлау үшін жоғары оқу орны болып бастау алған білім ордасы бүгінде республикамыздың жетекші, ғылыми орталығына айналды.

Білім саласында беделді болған білім ордасы болуына, қажырлы еңбек, терең ізденіспен осы жетістіктерге қол жеткізіп отырған Университет басшысы

ретінде өзіңізге, профессорлық-оқытушылар құрамы мен қызметкерлеріне, өз атымнан мың алғыс айта отырып, осы мерекелі күні университет басшылығын, есімдері елге белгілі ғалымдар, қайраткерлер мен абзал азамат ұстаздарын, ризашылық сезіммен құттықтаймын, алдағы уақытта Сіздермен іскерлік қарым-қатынасты дамытып, жұмыс беруші ретінде аса білікті мамандарыңызды мекемеге жұмысқа қабылдауға даярмын.

Республика жұртшылығына танымал әрі беделді жоғары оқу орнының профессорлық-оқытушылар құрамына еліміздің рухы биік ұрпақтарын тәрбиелеу ісінде және қазіргі заманның талабына сай жоғары білікті, құзыретті, бәсекеге қабілетті білім және өнер мамандарын даярлау жолындағы еңбектеріңіз жемісті болсын! Бай дәстүрі бар университеттің қызметі алда да жемісті болатынына, тәрбиелі, білімді тәлімгерлер шығаратынына сенімім мол!

Нұржамал НҰРҒАЛИҚЫЗЫ,
ЖК Ширшикбаева Н. «Алия»
ательесінің директоры

STEM


Білім берудің белсенді бағыты

ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде STEM бойынша жаңартылған орта білім мазмұнына көшу болып табылады. Жаңа білім беру саясатын жүзеге асыру үшін оқу бағдарламаларына жаңа технологияларды дамытуға бағытталған STEM-элементтерін, ғылыми инновацияларды, математикалық модельдеуді енгізу жоспарлануда. Оқушылардың зерттеушілік және ғылыми-технологиялық әлеуетін нығайтуға, сыни, инновациялық және шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуға, проблемаларды шеше білуге, коммуникация және топтық жұмыстарды жетілдіруге мүмкіндік беретін жаңа пәнаралық және жобалық тәсіл енгізу нәтижесінде жұмыстар атқарылуда.

Біздің жоғары оқу орнында Эразмус + бағдарламасының «STEM мұғалімдерін даярлаудағы интеграцияланған тәсіл» жобасын айтуға болады. Эразмус + бағдарламасының «STEM мұғалімдерін даярлаудағы интеграцияланған тәсіл» жобасындағы шетелдік серіктес университеттер: Линчепинг университеті (Швеция), жоба үйлестіруші; Лимерик университеті (Ирландия); Хажеттепе университеті (Түркия); Хельсинки университеті (Финляндия); Оңтүстік федералды университет, жоба үйлестіруші; И.Кант атындағы Балтық федералды университеті; Белгород мемлекеттік ұлттық зерттеу университеті; Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті;


С.Аманжолов атындағы Қазақстан мемлекеттік университеті.

Жоба аясында шетелдік серіктес университеттермен тәжірибе алмаса отырып STEM білім беру мұғалімдерін оқыту үшін бірлескен магистрлік білім беру бағдарламасы 7M01522-«Физика және информатика STEM негізінде», «7M01535-STEM білім беру» мамандықтары ашылды. Жуырда университет И.Канта атындағы Балтық Фереральды Университетінде ұйымдастырылған жазғы мектепте Университетіміздің алдыңғы қатарлы ғалымдары деріс оқыды. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша екі магистрант О.Құрақбай, А.Қарабай күзгі семестрде И.Канта атындағы Балтық Фереральды Университетіне оқу жоспарлануда.



тетіне оқу жоспарлануда.

Еңбек нарығының қажеттілігін ескере отырып, жаратылыстану ғылымдарының педагогикасы жоғары мектебі облыс, қала мектеп мұғалімдері мен студенттері білім беру сапасын жақсарту бойынша «STEM мұғалімдерін даярлаудағы интеграцияланған тәсіл» жобасы аясында «Жазғы мектеп», STEM фестивалдер, STEM күндер ұйымдастырылып өткізілді. Әрине бұл жағдай облыс, қала мектеп мұғалімдері үшін жаратылыстану пәндеріндегі STEM білімдерін шыңдауға негіз болды. Эразмус + бағдарламасының «STEM мұғалімдерін даярлаудағы интеграцияланған тәсіл» жобасы аясында «STEM орталық» жұмыс жасауда. «Информатика, IT және робот техника, мехатроника саласы» жасаңды сананың дамуы, жаңа технологияның үлкен құбылыс жасауы адамзат тарихындағы жеңісі болып табылады. Осы жеңісті жетілдіру жолында на-



ғыз IT-мамандары робот техника, мехатроника, физика мамандары керек-ақ. Робот техниканы құрастыру мен 3D компьютерлік дизайн жасау оңай емес. Алайда оның күрделі функцияларын атқару, дамыту, ерекшелік сәйкесті тектерін меңгеру басқа өңіме. М.Әуезов атындағы ОҚУ-дің білімді жастары «Физика», «Математика», «Информатика, Робот техника, «Биология», «Химия» саласында ең үздіктер қатарында. Ендеше, бүгін

және ертең жойылып кетпейтін мамандықтар дайындайтын жаратылыстану пәндері бойынша арнайы жобалық жұмыстармен айналысатын STEM орталыққа білім алуға шақырамыз.

Гаухар ОМАШОВА,
Эразмус + бағдарламасының
«STEM мұғалімдерін
даярлаудағы
интеграцияланған тәсіл»
жобасының жетекшісі

